



• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

«Террикон алқабындағы» теңдессіз мүмкіндік

Күн өткен сайын технология ғарыштық жылдамдықпен дамып, мемлекеттік және сервистік қызметтерге онлайн қол жеткізу жеңілдеп келеді. Бұдан бөлек, қазір бір жерге барып, бірнеше қызметті алуға да мүмкіндік жасалған. Бірақ, сол қызметтер сапалы ма? Осындай өзекті мәселелер Цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің Қарағанды облысына келген жұмыс сапарында басты назарда болды.



Министр жұмыс сапары барысында Қарағанды облысы әкімінің Қазақстандағы алғашқы мемлекеттік және сервистік қызметтер орталығының «Террикон алқабы» IT-хабының және бірінші үйлестіру орталығының жұмысымен танысты.

Аталған мемлекеттік және сервистік қызметтер орталығы – азаматтарға мемлекеттік және әлеуметтік қызметтердің көптеген түрін алуға мүмкіндік беретін еліміздегі алғашқы инновациялық орталық.

Мұнда облыс әкімі, әкім орынбасарлары, басқармалар мен департаменттердің басшылары, сонымен қатар, еңбек ұтқырлығы орталығы, отбасыға көмек көрсетудің бірінші орталығы, мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының секторы, мемлекеттік кірістер департаментінің

өкілдері, «Ten Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығы және басқа да жұртшылықпен жеке кездесулер өткізетін тұрғындармен диалог орталығы сияқты ұйымдар орналасқан атап өту керек.

– Мұндай тәжірибе бүкіл еліміз бойынша кеңейді. Жобаның басты

мақсаты – азаматтар бір жерде қызметтердің максималды спектрін ала алатын көпфункционалды инфрақұрылымды құру. Бұл – мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылдың ыңғайлылығы мен тиімділігін айтарлықтай арттырады, – деді Жаслан Мәдиев.

Облыс тұрғындары осындай орталықтардың тиімді екенін айтады.

– Осы орталыққа жиі келемін. Өзім көпбалалы ана болғандықтан, мұнда облыс әкімінің өзімен, басқарма басшыларымен, әкімдіктің мамандарымен де түрлі кездесулер өтіп тұрады. Күйеуім көлік сатып алғанда да осы жерге келіп, құжатын әзірледі. Бәрі жылдам әрі сапалы. Мамандар да жылдам жұмыс істейді. Келген жұрттың бәріне бірдей сапалы қызмет ұсынып, сұрақтарын жауапсыз қалдырмайды. Анда-мында шапқылап жүрмейсіз. Болашақта қызмет түрлерінің қатары толығырақ түсетін, тіпті, тамаша болар еді, – деп атап өтті қала тұрғыны Малика Абдуллаева.

Сапар барысында министр бірінші үйлестіру орталығында болып, қаладағы интернет байланысының сапасын да жіті тексерді. «Террикон алқабы» IT-хабының жұмысы қалай құрылып жатқаны туралы деректерге қанық болды.

IT-Hub «TerriconValley» – 2021 жылы іске қосылған алғашқы аймақтық стартап-экожүйе. Қарағанды IT-хабында маркетинг, бизнес және әзірлеу бойынша тегін оқыту жүргізіледі және жыл сайын 10 мыңнан астам қатысушыны қамтиды.

Аталған хаб жұмыс істей бастағаннан бері 20 бизнес-бағдарлама өткізілсе, олардың түлектері өздерінің жеке әлеуметтік маңызы бар жобаларын құрып, көптеген келісімшарт жасасып та үлгерген. Табысты стартаптардың қатарында өнеркәсіптік қосалқы бөлшектер мен бионикалық протездерді 3D басып шығарумен айналысатын KZ Transit және Jolqal.ai, ЖИ көмегімен жолдардың жағдайын бақылауға арналған қосымша әзірленген еді.

Жұмыс сапарының соңында Цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев аймақтың цифрлық инфрақұрылымының қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын Қарағандыдағы деректерді өңдеу орталығына барып, жұмысымен танысты.

Өз тілшімізден

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Білім гранты табысталды

Балқаш қаласына медицина кадрларын тарту мақсатында қала жастарын Қарағанды қаласы медицина университетінде жоғары білім алуына мүмкіндік беретін әлеуметтік жоба әзірленген болатын. Бұл жобаны жүзеге асыруға осымен үшінші жыл қатарынан «Коунрад» корпоративтік қоры, «Медная компания Коунрад» ЖШС, «Сары Қазына» ЖШС қаржылай демеушілік көрсетті. Конкурстық комиссия шешімімен өздерінің жоғары білімдерін және дәрігер болуға деген зор жауапкершіліктерін көрсеткен Айым Айтқалиева, Дидар Алхамов, Арина Мұқанова мен медициналық колледж түлегі Еркәнат Серік білім грантына ие болды.



Нұрәс КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Іріктеуден өткен үміткерлерге грант сертификатын табыстау шарасына Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Саяғұл Жақсылыққызы, Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Балқаш аймақтық өкілдігінің басшысы Шолпан Қалықбекова, Балқаш қаласының көпсалалы аурухананың басшысы Серікбол Түсіпбеков, «Коунрад» қорының басқарма мүшесі, «Медная компания Коунрад» ЖШС бас директоры Виталий Логачев және қалалық мәслихаттың депутаттары қатысты.

– Сіздерге зор үміт артамыз. Бұған дейін грант иегерлерінің арасында орта жолда ойыннан айнып қалып, оқуды тастап кеткендері де кездесті. Ал, сіздер өз кезектеріңізде білікті маман болуға ұмтылады деп сенеміз, – деді «Коунрад» қорының басқарма мүшесі, «Коунрад мыс компаниясының» бас директоры Виталий Логачев.

Айта кетейік, грант иегерлері «Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы бойынша білім алады. Қарағанды қаласындағы медицина университетін бітіргеннен кейін олар Балқаш қаласының денсаулық сақтау мекемесінде кемінде 5 жыл жұмыс істеуге міндетті.

БАЛҚАШ

Ерен еңбек еленген күн

Шахтерлер күні – өмір үшін ерекше мереке. Биыл аймақ оны кең көлемде атап өтті. Кәсіби мерекесінде шахтерлер құрметтеліп, мемлекеттік наградалармен және сыйлықтармен марапатталды. Салтанатты кеш те, мерекелік концерт пен оташу да ұйымдастырылды.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Кеншілер мәдениет сарайында өткен салтанатты жиында осы салада еңбек етіп жүрген 18 адам мемлекеттік наградаға ие болды. Мемлекет басшысының Жарлығымен ел бойынша жалпы 100-ден астам еңбек адамы жемісті еңбегі мен шахта құрылысын дамытуға қосқан үлесі үшін марапатталды. Аймақта төрт қызметкер «Құрмет» орденінің иегерлері атанды. Тағы төрт адам III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені, және он қызметкер «Ерен еңбегі үшін» медалін алды.

Мемлекет басшысының атынан марапатты Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев табыс етті. Өңір басшысы барлық шахтерлерді кәсіби мерекемен құттықтап, табыс, отбасыларына амандық тіледі.

– Бұл атаулы күннің қарағандылықтар үшін маңызы ерекше. Облысымызда тау-кен саласында 40 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Жалпақ тілмен айтқанда, әр шаңырақта бір шахтер бар деген сөз. Қаламыздың 90 жылдық тарихы көмірмен тығыз байланысты. Еліміздің индустриялық да-

муы осы қаладан басталды десек, оның қозғаушы күні – шахтерлер. Кенші болу мақтаныш! Шахтердің еңбегі – күн сайынғы ерлік. Баршаңызды мерейлі мерекемен құттықтаймын! – деді Ермағанбет Қабуллаұлы.

Ол көмір өнеркәсібі Қазақстанның электр энергиясының 80%-ын қамтамасыз ететінін атап өтті.

«Құрмет» орденінің иегері атанған «Саран» шахтасының директоры Сергей Бамиллер марапатты бүкіл ұжымның еңбегі деп санайды. Ол өзінің 40 жылдан астам өмірін тау-кен жұмыстарына арнаған, қарапайым тау-кен жұмысшысынан басшыға дейін мансап сатысын жүріп өткен.

– Шахтерлердің еңбегіне көп көңіл бөлінетініне өте ризамын. Президент өз таңдауын жасап, аймақтың көмір өнеркәсібін отандық инвесторға берді. Біз Президент сенімін ақтап, өнеркәсіпті жандандыруымыз керек, байырғы мәртебесін қайтаруымыз керек. Қарағанды бассейнінің шахтерлері әрдайым танымал болды, қашанда құрметке ие, – дейді Сергей Бамиллер.

17 жыл шахтада еңбек еткен Серікбол Жетісбай «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері атанды.

– Ленин атындағы шахтаның



машинисімін. Әрине, қуаныштымын. Шахтерлердің еңбегі қиын да қажырлы. Оны бәрі біледі. Елеп, ескерген басшылыққа алғыс айтамын, – дейді ол.

Данияр Мединев болса, кеншілер әулетінің өкілі. Әулеттің еңбек өтілі екі ғасырдан асады.

– Менің атам кенші болған,

әкем де. Қазір меннен басқа төрт бауырым мен жиегім кенші. Шахтер болу оңай емес, өзінді дұрыс ұстауың керек, айналана үлгі болу қажет. Т.Күзембаев атындағы шахтаның №2 көмір өндіру учаскесінің тау-кен қазу машиналарының машинисімін. Еңбек өтілім – 20 жыл, – дейді Данияр

Өмірсерікұлы.

Салтанатты рәсімде I, II, III дәрежелі «Шахтер даңқы» төсбелгілері, «Еңбек даңқы» төсбелгілері, «Еңбек ардагері» ведомстволық наградалар табысталды.

Бұдан бөлек, «Qarmet» АҚ 11 жұмыскеріне көлік кілтін табыс етті.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

– Бұл күні баршаңызға зор денсаулық, жана жеңістер тілеймін. Осы жылдың басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Qarmet» АҚ-ға тиесілі барлық сегіз шахтаның жұмысын қалпына келтіруді тапсырды. Бұл тапсырма орындалды деп мақтанышпен айта аламыз. Барлық сегіз шахта жұмыс істейді және бұл – сіздердің әрқайсыңыздың еңбегіңіз. Біздің жұмысымыздың маңызды аспектілерінің бірі қашанда қауіпсіздік болып қала береді. Біз тәуекелдерді азайту және әрқайсыңызға қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету үшін бар күшімізді саламыз, – деп атап өтті «Qarmet» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев.

Сонымен қатар, жиналғандарды «Qarmet» АҚ бас директоры Вадим Басин, «Qarmet» АҚ Көмір департаментінің директоры Жақан Мұхамеджанов құттықтады.

Салтанатты шара мерекелік концертке жалғасты. Е.Рахмадиев атындағы академиялық симфониялық оркестр өнер көрсетті. Рысты Рахымжан, Марат Бекішев, Нұрлан Абдуллин, Ресей Халық әртісі Игорь Крутой жиналғандарға көтеріңкі көңіл сыйлады.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• ЭНЕРГЕТИКА

Теміртау қыста қалтырамауы тиіс

Теміртаудың жылу жүйесі қазір қатаң бақылауда. Қысқа дайындық барысы облыс басшылығы мен энергияны қадағалайтын құзырлы орындардың ұдайы назарында. Қыстың көзі қырауда Теміртаудың қалтырамауы – өзекті мәселе. Осы орайда облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Теміртау қаласындағы жылу көздеріндегі жұмыстың жай-жапсарын арнайы барып көрді.



«Qarmet» АҚ Бас директоры Вадим Басин ЖЭО-2-нің жылыту маусымына бес қазандықты дайындағанын жеткізді. Директордың айтуынша, оның біреуі резервте болады. Ал, бұл болса, тұрғындарға нормативтік деңгейде жылу беру үшін жеткілікті көрінеді.

Қазіргі таңда ЖЭО-2-де жетінші қазандықты орнату жұмыстары жалғасуда. Қыркүйек айында іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізіледі деп жоспарланады.

Металлургия мекеніне жұмыс сапары барысында Ермағанбет Бөлекпаев ҚарГРЭС-1-де кенес өткізді. ҚарГРЭС-1 қаланың ескі бөлігінің тұрғындарын жылу энергиясымен қамтамасыз етеді. Электр станциясы 86 үйді жылытады. Жария етілген деректерге сүйенсек, станцияда жылыту маусымында екі қазандық жұмыс істейді. Алдағы уақытта оқпалықтар орын алмауы үшін жөндеу жұмыстары күшейту керек. Сонымен қатар, қазандық цехының шатыры ауыстырылуы тиіс.

Ал, жылыту маусымына дайындық жөніндегі қалалық штаб күнделікті режимде жұмыс істейді. Көпқабатты

үйлерді дайындау да назардан тыс қалмайды.

Теміртау әкімі Ораз Тәуірбеков биыл проблемалы үйлердің саны төрт есеге азайғанын хабарлады. Дегенмен, қысқа дайындықты бастамаған бірнеше көпқабатты үйлер бар. Қала әкімінің айтуынша, қазір мұндай үйлердің саны 60-қа жуық, тұрғындар үйшілік желілер мен жылу тораптарын ретке келтірмеген. Мұндай үйлер техникалық дайындық актісін алмайынша жылуға қосылмайды.

– Сондықтан, біз қазір жаппай түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Тұрғындардың үйлеріне бейжай қарамауын өтініп отырмыз, – деді Ораз Тәуірбеков.

Жылу магистральдарын реконструкциялау және орамшылдық желілерді жөндеу жұмыстарының негізгі бөлігі орындалған. Атап айтқанда, шамамен 30 шақырым құбыр ауыстырылды, қалған 10 шақырым қыркүйек айында аяқталды деп күтілуде.

Өз тілшімізден
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИГАЛЫМ

• ӨЗЕКТІ

Сауалнамаға қатысқандардың 53,1%-ы АЭС құрылысын қолдайды

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының тапсырысы бойынша 2024 жылғы 7-18 тамыз аралығында ұялы телефон арқылы әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Іріктемелі жиынтық көлемі 1200 респондентті құрады.

Сауалнамаға 17 облыстан және республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан 18 жастан асқан респонденттер қатысты.

Жалпы, сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі (53,1%) АЭС салу идеясын қолдайтынын білдірген. АЭС салу идеясын қолдайтындар оған үлкен үміт артатынын да білдірген. Сонымен қатар, қолдаушылар 2030 жылға қарай электр тапшылығы мәселесі шішіледі деп сенеді.

АЭС салу идеясын құптамайтындар болса, (32,5%) негізінен ықтимал апаттар мен олардың қоршаған ортаға тигізетін зардаптарына алаңдаушылық танытатындарын жеткізіпті.

Сонымен қатар, әрбір оныншы респондент (14,4%) өз таңдауын әлі жазаған жоқ. Ол үстінде.

Бұдан бөлек, респонденттердің жарысы (51,0%) өздерін АЭС құрылысына

қатысты референдумда «қолдау» немесе «қарсы» деп дауыс беру үшін ақпарат пен білім деңгейі жеткілікті деп санайды. Респонденттердің тағы 12,2%-ы ақпаратқа толық ие емес екенін мойындап отыр. Сауалнамаға қатысқандардың 31,6%-ы бұл туралы мүлдем хабары жоқ болса, ал, 5,2%-ына жауап берудің өзі қиына соқты.

Сауалнама барысында респонденттердің 42,6%-ы АЭС салу мәселесі бойынша референдумға қатысуға толыққанды ниет білдірсе, тағы 16,4%-ы қатысу мүмкін екенін айтқан. Респонденттердің 25,3%-ы референдумға қатысу жоспарында жоқ, ал, 8,9%-ы қатыспайды. 6,8%-ы жауап берген жоқ.

Әлеуметтік сауалнама нәтижесіне қарап, бұл бағытта түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, мақалалар, сұхбаттар жариялау қажеттігін аңғарғандай болды...

• ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК

Күн суытпай тұрып көмір алыңыз

Қазіргі уақыт – көмір саудасы қызатын кез. Бүгінде Қарағанды аймағында көмір саудалайтын 54 бекет бар. Бұл бекеттің бәрі дер кезінде көмір қорымен толықтырылып отыр. Көмір халыққа «Шұбаркөл көмір» АҚ, «Молдежний», «Кузнецкий» сияқты екі шахта мен 10 разрезден жеткізілетінін, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге, халыққа 6 млн тонна жөнелту жоспарлануда екенін атады баспасөз туры барысында жергілікті билік өкілдері. Сонымен қатар, билік бұқараға күннің әбден суығанын күтпей, қамданып, қазірден бастап көмір сатып алуды ұсынады.

– 7 айда шамамен 2 млн тонна жөнелтілді. 54 сағу нүктесі бар. Алдағы жылыту маусымына қарай көмір қорын ұлғайту жөнінде жұмыс жүріп жатыр. «Шұбаркөл көмір» АҚ көмірінің бағасы тоннасына 14 700 теңгеден басталады. Облыс

бойынша орташа баға – 19 000 теңге, – деді өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Ақдидар Рымбек.

Арнайы ұйымдастырылған баспасөз туры аясында көмір сататын бекеттердегі

Ауқымды жоспар, алдағы меже

Апта басында өткен аппараттық жиынды облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тізгініп, күн тәртібіндегі негізгі екі мәселені атады. Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орайластырылған шаралар барысы мен мемлекеттік қызмет көрсету сапасы кенінен сарапқа салынды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде жылма-жыл Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мемлекеттік мерекесі тойланады. Атаулы күн аясында өңірімізде жобаланған, жоспарланған маңызды іс-шаралар легі турасында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов баяндады.

Спикер өз кезегінде әділ қоғамды, жауапкершілікті заңға бағынатын әрі адал азаматты қалыптастыру идеясын іргелетуге бағытталған іс-шаралардың облыстық жоспары әзірленіп, бекітілгенін хабарлады.

Аталған жоспар аясында 100-ден астам шара өткізу көзделген. Мәселен, дөңгелек үстел, мерекелік концерт, фестиваль, спорттық сайыс, челлендж, түрлі тақырыптық көрмелер қалыбында өтетін шаралар мереке мәнін ашады деген сенімдеміз. Конституция күніне арналған басты шара 29 тамызда «Достық» үйінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттары мен қоғам өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел форматында өтпек. Аталған шараға қала, аудан өкілдері де зум бағдарламасы арқылы қатысатын болады. Мұнымен қоса, аталған күнге орай өңір аймақтарында халықтық осал топтарын, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды, жалғызбасты зейнеткерлерді қолдауға үндейтін қайырымдылық акциялары қарастырылды, – деді Нұрлан Бикенов.

28-29 тамыз аралығында облыстық кітапханалар мен білім мекемелерінде тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылады. Мереке қарсаңында қала мен аудандар көлемінде пәтер кілттерін тапсыру және жаңа нысандардың ашылу салтанаты жоспарланды. 29 тамызда Теміртау қаласында 50 пәтер кілт көпбалалы отбасыларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға, медицина қызметкерлеріне беріліп. Ал, 30 тамызда Осакаров ауданының Молодежный кентінде оқушылар сарайы мен Шахтинск қаласы Новолинка кентінде сквердің салтанаты ашылу рәсімі өтеді.

Сонымен қатар, алдағы күндерде облыстық мәслихат депутаттары Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері «Конституция – бірліктің кепілі» атты челленджін бастайды. Челлендж мақсаты – әрбір қатысушының өмірлік ұстанымын, азаматтық қоғам үшін ерекше маңызды ие Конституциямыздың белгілі бір бабымен бөлісу. Аталған челленджді қала, аудан және өңірдің белсенді қоғам өкілдері жалғастырады деп күтілуде. Мерекелік безендіру бағытында жалпы облыс бойынша 100-ден астам тақырыптық баннер орналастырылады. 27 тамызға дейін безендіру амалдары толығымен аяқталмақ. Облыстық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында арнаулы тақырыптық айдарлар негізіндегі жарияланымдар оқырманын қуантады. Жалпы, барлық мерекелік шараларға ақпараттық қолдау көрсетілетін болады.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмабеков, өңірдің мәдени ошақтары халыққа сантүрлі мерекелік концерттер легін, әскери бөлімдер мен қарттар үйінде мәдени-қайырымдылық шаралар өтетіндігін мәлімдеді.

Облыстың кітапханалары мен музейлерінде кітап экспозициялары өтеді. 28 тамызда Кеншілер мәдениет сарайында Қарағанды қаласының 90 жылдығына арналған Қарағанды мен Абай облыстары арасында республикалық командалық айтыс өтеді. Іс-шара аясында Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қою, айтыс қазылары алқасының баспасөз конференциясы, команда капитандарының Saуaғaғa те-

леарнасында арнаулы телебағдарламаға қатысуы жоспарлануда, – деді Еркебұлан Қайроллаұлы.

Концерттік бірлестік пен Академиялық-музыкалық комедия театрының шығармашылық ұжымдары 30 тамызда Қарағанды қаласының орталық мәдениет және демалыс саябағының Майкүлдік және Пришахтинск аумағындағы саябақтарында өтетін мерекелік шараларына қатысатын болады. Концерттік бағдарламада Маржан Арапабаева, Карина Абдулина, Ерлан Көкеев сынды Қазақстанның эстрада жұлдыздары өнер көрсетеді.

Облыстың қалалары мен аудандарында мерекелік концерттер, музыкалық әдеби кештер, дөңгелек үстелдер, зияткерлік викториналар, қолданбалы өнер көрмелері шеберлік сынаптары сынды шаралар легі өткізіледі. Жалпы, мерекелік шаралары 200-ге жуықтайды.



Облыс орталығында болса, 100-ден астам шара өтеді.

30 тамызда орталық саябақ жағалауында мерекелік шаралар мен «Astana Musical» мемлекеттік театры әртістерінің қатысуымен мерекелік концерт өтеді. Балалар ойын-сауық шаралары да қаперден тыс қалмайды. Мұнымен қатар, ақшалай сертификатты «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздарына табыстау рәсімі өтетін болады. Мәдениет үйлерінде «Заң қалай досқоб», «Мемлекеттік Ата Заң», «Ата Заңыңды ардақта да, патриот бол!» деген тақырыптарда тұрғындар арасында тақырыптық блич-сауалдар, арнаулы шаралар өтеді, – деді қала әкімі Мейрам Кожухов.

Футболдан, бокстан, үстел теннисі қалалық турнирдің ашылуы өтеді. Білім ошақтарында ашық сабақтар ұйымдастырылады. Бұл күні Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қатарына жатқызылған 80-лі топтар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға бір жолғы төлемәкі төленетін болады. Сондай-ақ, азықтүлік себеті үлестіріліп, қайырымдылық шараларға мән беріледі. Қоғам қайраткерлерінің қатысуымен тақырыптық ток-шоулар өткізіледі. Әлеуметтік желілерде Қарағанды ардагерлерінің жалынды сөзімен әртүрлі бейнероликтер даярланып, шаһардың барлық LED экрандарында жарияланатын болады. Қаланың орталық көшелерінде 10 атаулы баннер орнатылады.

Ермағанбет Бөлекпаев салалық басқармалары басшылығы, қала мен аудандар әкімдері Конституция күнін лайықты деңгейде мерекеленуін бақылауына алып, жоғары деңгейде отуін қамтамасыз ету қажеттігін еске салды.

Жоспарланған жұмысқа кенінен ақпараттық сүйемелдеу ұйымдастырылсын. Полиция және төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері іс-шаралар өткізілетін және адамдар көп шоғырланатын орындарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

қамтамасыз етсін, – деп тапсырды.

Ендігі бір келелі мәселе – өңірдегі мемлекеттік қызметтің сапасы. Бұл тұрғысындағы жұмыс жиыны өткен жылдың қорытындысы аясында бірнеше мәрте пысықталған еді. Алайда, бірнеше мемлекеттік органдар бұл тұрғыда ескерту алған жайттар да болғандығын атап өтті облыс әкімі.

Жарты жылда 8,7 миллионға жуық мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде, электронды түрде 99,6%. Жыл сайын электрондық мемлекеттік қызметтер үлесінің өсуі байқалады. Өткен жылмен салыстырғанда өсім 0,4% құрады. Мемлекеттік қызметтердің сапасына мониторинг жүргізу үшін 104 бақылау шарасы өткізілді, – деді ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасының басшысы Константин Ильинский.

Облыста жергілікті атқару органдары тарапынан 178 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның 164-і электронды негізде қолжетімді. Жарты жыл ішінде 8 млн-ға

тарта қызмет көрсетілген. Оның 99 пайызы – электронды қалыптағы қызметтер. Сандық форматтағы қызметтер үлесі өткен жылмен салыстырғанда 2 пайызға өскен. Сапаны бақылау мақсатында 104 іс-шара өтті. Нәтижесінде 359 заңнама бұзу жайғы анықталған. Өкінішке қарай, бұл көрсеткіш 66 пайызға өскен. Негізгі дегенде қолданыстағы заңнаманың үдерістік талапқа сай келмеуінен туындап жатады. Әлбетте, кейбір кемшіліктер шалғай жердегі аудандарда қылаңытып тұрады. Өйткені, сандық форматтағы кейбір электронды қызметтің ұсыну үшін арнаулы білім мен білік те талап етілетін түсінікті. Кемшіліктерге жол бергендер жауапкершілік арқалады. Бұл бағытта жергілікті жұртшылықпен түсіндіру жұмыстары ұдайы іске асып келеді. 1000-ға тарта ақпараттық шара өткізілсе, 19000-ға тарта ақпараттық буклеттер таратылған. 80-ге тарта мақала жарық көріп, 224 баннер орнатылған. Мемлекеттік қызметтің 64 жермеңкесі өткен. «Open akimat» фронт-кенселері барлық қалалар мен аудандарда ашық, деп атап өтті ол. Қызмет сапасын арттыру үшін 41 мемлекеттік қызметкер арнаулы оқу курстарын тәмамдаған.

Салалық ведомство өкілдерімен бірлесіп аталған тақырыпта 10-ға тарта семинар өткен. Бизнес үдеріс пен түрлі қайшылықтарға жол бермеу мақсатындағы тиімді ұсынымдар салалық министрлік тарапына жолданған. «Республика көлеміндегі сапа рейтингінде 5-орынды иеленіп тұрмыз. Бұл тәуір көрсеткіш» деп атап өтті спикер.

Ермағанбет Бөлекпаев ақпараттандыру және өзге де облыстық басқармалар басшыларына, қала мен аудандар әкімдеріне мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын тұрақты бақылауда ұстау қажеттігі жөнінде тапсырма берді.

Сурет облыстық әкімдік сайтынан

Өз тілшімізден

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Әл-ауқат өлшемі

Былтыр қолданысқа енген Отбасының цифрлық картасы қазақстандықтарды экономикалық, әлеуметтік және тұрғын үй жағдайларына, медициналық көмек пен білім алу мүмкіндіктеріне қарай әл-ауқат жағдайының бес деңгейіне бөледі. Бұл әлеуметтік қауіп төнген жағдайда тиісті жәрдемақы, я жеңілдіктерді дер кезінде алуға мүмкіндік береді. Аймақта бүгінде 393 921 отбасы тұрады. Оның ішінде, 76 743 отбасы «дағдарыс» деп саналатын Д және төтенше – Е санатында. Облыста бұл санаттағы отбасылардың үлесі елдегі 24,2%-дан төмен болса да, яғни 19,4%, жергілікті билік олардың қатарын азайтуға білек сыбана кіріскен.



Суретті түзген Ж. Облысанын

Бұл бағыттағы жұмысты бастау үшін облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайынның айтуынша, біріншіден, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басқа орталық органдармен, сондай-ақ, қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, отбасылар туралы мәліметтерді нақтылауға қажет. Отбасының цифрлық картасындағы мәлімет дұрыс болуы үшін бұл жұмыс жан-жақты жүріп жатыр.

Нақтылау жұмыстары бұрын-соңды мемлекеттік қолдау шараларымен қамтылмаған азаматтарды анықтауға ықпал етеді. Ол балабақша кезегінде тұрған балалар, жұмыссыз жастар немесе ресми еңбек шартысыз жұмыс істейтіндер болуы мүмкін. Бұл ретте салық және әлеуметтік төлемдерді төлемейтін белсенді емес жеке кәсіпкерлерге, сонымен бірге, тіркелген жері бойынша тұрмайтын азаматтарға ерекше назар аударылатынын айта кету керек. Қазіргі уақытта цифрлық картада балабақшаға немесе мектепке бармайтын балалар туралы ақпарат бар. Сондай-ақ, тұрақты жарналары жоқ жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының саны туралы деректер үнемі жаңартылып отырады, міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде жоқ NEET жастары мен өзге де азаматтарының саны тіркелді.

Ерлан Құсайын жүйенің жұмысын нақты мысалдармен түсіндірді.

– Бұқар жырау ауданы, Ботақара ауылының тұрғыны Арнұр Хасеновті мысалға алайық, – дейді Ерлан Бейсембайұлы. – Биыл наурызда кемелетке толмаған үш бала тәрбиелеп отырған Хасеновтер отбасының қаржылық қиындықтарға тап болғаны белгілі болды. Цифрлық карта тілінде олар Е санатында. Отағасының анасы – зейнеткер, әйелі – бала күтімі бойынша демалыста. Отбасының өз баспанасы бар және олар атаулы әлеуметтік көмек алады. Отағасы 2017 жылдан бастап, жұмыссыз ретінде тіркеуде. Мәліметтерді нақтылау кезінде Хасеновтердің жалпы табысы 149 мың теңгені құраған. Несие қарыздары да көп. Қазір Арнұр Хасенов жергілікті мәдениет мекемесінде жұмыс істейді. Әйелі АХАТ бөліміне қоғамдық жұмысқа жіберілді. Жазда отбасына қызының емделуіне 15 АЕК (55 380 теңге) көлемінде біржолғы материалдық көмек көрсетілді. Бұл мемлекеттік қолдау шаралары отбасын жоғарыда атаған Е санатынан шығаруға мүмкіндік берді.

Осы орайда Осакаров ауданының тұрғыны Ольга Петрованы да тілге тиек етуге болады. Ол ерекше күтімді қажет ететін баланы тәрбиелеп отыр. 1,38 миллион теңге көлеміндегі мемлекеттік грантка ие болып, ауылда балаларды дамыту орталығын ашу мүмкіндігіне қол жеткізді. Қажетті жиһаз, жабдықтар мен

оқу құралдарын сатып алып, ол өз арманын іске асыруда. Бұл мысалдар қиын жағдайдағы отбасыларға уақытында қолдау керектігін көрсетеді.

– Бүгінде мұқтаж отбасыларды анықтау өте маңызды. Отбасылардың келешекте қиын өмірлік жағдайға түсіп қалмауы үшін бұл жұмыс дер кезінде жүргізілуі тиіс. Мұнымен біз кедейшілікті, жұмыссыздықты және халықты жасырын жұмыспен қамтуды азайту бойынша ауқымды міндеттерді қатар шешудеміз. Ең бастысы, біз бұл отбасыларды «дағдарыс» немесе «төтенше жағдай»

ларды жедел қабылдау мақсатында штаб Ақтоғай, Бұқар жырау, Нұра, Шет, Қарқаралы аудандарында жиындар өткізіп үлгерді.

Отбасының цифрлық картасы бұрын қолданыста болған бағдарламалардан өзгеше. Мұнда мемлекеттік органдар дағдарысқа ұшыраған және төтенше жағдайға тап болған отбасылардың өздерінің хабарласқанын күтіп отырмайды. Өздері дереу көмек көрсете бастайды. Азаматтар тек SMS арқылы қызмет алуға келісім беруі қажет. Бұл отбасының жұмыссыз мүшелерін жұмысқа, балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға орналастыру, сонымен қоса, МӘМС жүйесіне қатыспайтын отбасы мүшелерін медициналық мекемелерге тіркеу, мерзімі 3 айдан асқан несиелер бойынша банкроттық туралы кеңес беру қызметтеріне қатысты. Мемлекеттің көмегі жобалар түрінде көрініс табады.

Ерлан Құсайын аймақта жүйелі жүргізіліп жатқан жобаларды атады. Мәселен, «Алғашқы жұмыс орны» 35 жасқа дейінгі еңбек өтілі жоқ жастарға бағытталды, 30 АЕК көлемінде кепілдік берілген төлемі бар. Түлектердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына мүмкіндік беретін «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы, зейнет жасындағы жандарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік беретін «Күміс жас» жобасын айтуға болады. Одан бөлек, белгіленген еңбекақысы 40 АЕК-дан кем емес қоғамдық жұмыстар бар.

Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасын айрықша айтуға болады. «AMANAT» партиясымен бірлескен жобаға биылғы екінші тоқсанда 3 147 адам қатысқан. Қаржы сарапшылары жаңа білім беріп қана қоймай, көпшіліктің сұраныстарына сәйкес, enbek.kz порталында тіркелу, жеке кәсіп

маның маңыздылығын қатысушылардың қызығушылығынан байқау қиын емес. Жоба жүзеге асырылған екі айдың ішінде 1900-ге жуық адам кеңес беру орталықтарына жүгінген.

Бала күтімі бойынша демалыста отырған Наталья Зингелевская өз жұмысынан бөлек, графикалық дизайн және мобилографияны меңгеру үшін курсқа жазылып, оқып жатыр. Ал, құрылысшы Талғат Тоғантаев электр және газбен дәнекерлеуші мамандығын меңгеруде. Жұмысы бола тұра, жаңа кәсіп игергісі келетіндерді көптеп мысал етуге болады. Десе де, NEET санатындағы жастар қатарының артуы алаңдатпай қоймайды.

– Жастар – елдің қозғаушы күші, тірегі, болашағы. Ал, біздің міндетіміз – жастардың қоғамда өз орнын тауып, лайықты азамат болып қалыптасуына ықпал ету. Мемлекет жастарды түрлі білім беру жобаларына тарту және жұмыспен қамтуды арттыру бағытында белсенді шаралар қабылдауда. Атап айтқанда, аймақтағы NEET жастарымен мақсатты жұмыс «Мүмкіндіктер марафондары» аясында жүріп жатыр, – дейді Ерлан Бейсембайұлы.

Биылғы жеті айда NEET санатындағы 22 300 адам түрлі іс-шаралармен қамтылды. Олардың біразы жұмысқа орналасты, кейбірі қысқамерзімді курстардан өтіп, психологиялық, құқықтық және ақпараттық кеңестер алды. «Жасыл ел» жобасына қабылдау кезінде қатысушының әлеуметтік жағдайы міндетті түрде ескеріледі. Биылғы маусымдағы «Жасыл ел» жасақтарының кемі 10%-ы – мемлекет тарапынан ерекше қолдауды қажет ететін жасөспірімдер. Бұл – 1318 адам.

Жастарды шағын және орта бизнес саласына тарту жұмыстары «Jas project» жобасы аясында қолға алынған. 2021 жылдан бері оған 148 жас қатысып, 148 мил-



Сурет ашық зерттеумен



Сурет ашық зерттеумен

санаттарынан бай, қуатты отбасыларға ауыстырамыз, – дейді облыс әкімінің орынбасары.

Облыс әкімінің бастамасымен облыста бұл жұмысты ұйымдастыру үшін штаб құрылды. Оған Ерлан Құсайын төрағалық етеді. Әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу бойынша жергілікті шара-

ашу, соттан тыс банкроттықты рәсімдеу және қарызды өтеу кестесін құру бойынша кеңес берді.

«Jumys tar» жобасы да – аймақта жүзеге асырылып жатқан тың жобалардың бірі. Ол жұмыссыздармен қатар, жұмыс істейтін азаматтарға қосымша мамандық алуға мүмкіндік береді. Баста-

лион теңге грант алды.

Грант – мемлекеттік қолдау ретінде ерекше маңызды. Биыл халықтың әлеуметтік осал топтарына 80 грант бөлінді. Яғни, көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасылар, қоныс аударушылар, мүгедектер немесе мүгедек балаларды тәрбиелеп отырғандар 1,38 миллион теңгеге ие болу мүмкіндігін алды. Бұл ретте грант алушылар мемлекеттік қолдаудың мөнін терең түсінгендері абзал. Грант – қайырымдылықпен айналысу емес, мүмкіндік. Оны дұрыс пайдалану маңызды.

Мәселен, бес баланың анасы, 34 жастағы Айжан Шотаева грант қаражатына Қарқаралыдан жартылай фабрикалар дайындайтын цех ашты. Оның өнімдерін тұтынушылар қатары көбейген сайын өнім түрі де артуда. Дәмді тамақ істей алсаң, одан да пайда табуға болады. Айжан мемлекеттік қолдау арқылы отбасының жағдайын жақсартуға болатынын дәлелдеді.

– Өмірлік қиын жағдайға тап болған әр отбасымен жеке жұмыс жүргізу қажет. Оларға мемлекет тарапынан кешенді қолдау шаралары, соның ішінде, тиесілі әлеуметтік жәрдемақылар мен жұмысқа орналасуға көмек көрсету маңызды. Мемлекет қолдауына мұқтаж отбасыларды анықтау үшін Отбасының цифрлық картасын қолдану аясын кеңейту қажет, – деді штаб жетекшісі Ерлан Құсайын.

Оксана МЯГКИХ

• АКЦИЯ

«...Баланың біріне бер»

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған, тұрмысы төмен, көмекке мұқтаж отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында елімізде «Мектепке жол» республикалық акциясы жалғасып келеді. 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өтетін қайырымдылық акциясы Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасымен жыл бойы жүргізіліп, жүзеге асырылмақ. Айтулы игі шарадан Ақтоғай ауданы Шашубай кентінің жомарт жандары қалыс қалып жатқан жоқ. Кешегі күні №36 мектеп оқушыларына қажетті заттар, оқу құралдары табысталды.



Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Аталмыш акцияның басты мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін нақты атаулы көмек көрсету. Осы орайда бүгін оқушыларға қолдау көрсеткен жандарға алғысым шексіз. Кез келген адамның қолынан келетін игілікті іс, нақты бір балаға көмек болатынына, оның бойына мейірімділік пен қайырымдылық үмітін орнататынына сенімдіміз. Сондықтан, жақсылық жасауға асығайық, – деді Шашубай кентінің әкімі Нариман Маңғышев.

Қайырымдылық шарасында «Үміт» қайырымдылық қоры, Ақтоғай ауданы мәслихаты депутаты Е.Серіков, полиция бөлімінің ұжымы, ардагерлер, аналар кеңестерінің мүшелері, жергілікті қоғамдастық, кәсіпкерлер Т.Опабеков, С.Васильев, Қ.Қонқабаев, Қ.Усимбеков демеушілік жасады.

Ақтоғай ауданы

Қазақстан еліндегі діни рәсімдер мен дәстүрлердің алуан түрлілігі

Әлеуметтік сауалнамалардың деректеріне сүйенсек, облыс тұрғындары діни ахуалды қолайлы деп бағалайды.

Әр конфессия рухани, ұлтаралық және қоғамдық келісімді нығайтуға өз үлесін өзіне қоса алады (тек Қарағанды облысындағы конфессиялардың саны – 15, ал бұл – 280 діни бірлестік, олардың қарамағында 229 ғибадат үйлері бар). Олардың бұған әлеуетті мүмкіндігі бар.

Толеранттылықсыз, тек жеңілдік ретіндегі ғана емес, өзара түсіністік және өзара қарым-қатынас ретіндегі рухани келісімнің болуы мүмкін емес. Бұл бізге Қазақстанда қақтығыстардың болмауы үшін қажет.

Қазақстан халқының рухани мұрасымен үндесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын, конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни толеранттылықты және діни сенімдерге құрметпен қарауды тану/түсіну Қазақстандағы рухани келісімнің іргетасы болып табылады.

Конституция Қазақстанның зайырлы сипатын жариялай отырып, ар-ождан бостандығы құқығын мойындайды, сонымен қатар, адам құқықтары туралы халықаралық актілер мен келісімдер кез келген дінді ұстану құқығын қамтамасыз етіп қана қоймай, діни ұйымдардың мемлекеттің ісіне араласпай, діни қызметті жүзеге асыру құқығына кепілдік береді, бірақ олардың мемлекеттің ішкі өміріне араласуына жол бермейді.

Ұзақ жылдарғы кеңестік жүйеден кейін қазақстандықтардың сана-сы діннің Жаратқанға қызмет етуімен қатар, адамдарды рухани біріктіруге, уақытша жоғалған мәңгілік құндылықтарға қайтаруға шақыратыны және қабілетті екенін бірте-бірте түсіне бастады. Айта кететіні, тек діни рухани құндылықтар туралы ғана айтылып отырған жоқ.

Оған дін саласындағы біліммен, Қазақстан халқының рухани бірлігі мен адамгершілік негіздерімен қарсы тұруға болады.

Қазақстанның өзінде діндердің текетірістігіне негіз жоқ, керісінше, елдің бүкіл рухани тарихы өзара түсіністік, ортақастық және толеранттылық болып табылады.

Қазақстанда конфессияаралық қайшылықтардың туындау қаупі төмен болғанына қарамастан, біз конфессияаралық арасындағы диалогты дамытуымыз керек, оның негізіндегі рухани ұстанымдардың алатын орны зор.

Руханият – біріктіруші құбылыс. Рухани келісім – жасампаздыққа апарар жол. Қуатты, жоғары дамыған, рухани бай Қазақстанды құру жолындағы еңбекке бағытталу.

Бұл жерде «Келіспеушілік бұзады, ал, келісім асқақтатады!» – деген поляктын фантаст-жазушысы Анджей Спаковскийдің айтқан сөзі еріксіз еске түседі.

Ж.А.ХАСЕНОВ,
Қарағанды облысы дін істері басқармасының
«Қарағанды облысы конфессияаралық қатынастарының проблемаларын зерттеу және талдау орталығы»
КММ басшысы
№198

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru



• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Ән әуелеген әдемі кеш



Демалыс күндері қарағандылықтар өңірдің басты кәсіби мерекесі – Кеншілер күнін атап өтті. Қарағанды облысының әкімдігі мен «Qarmet» АҚ бірлесіп ұйымдастырған мерекесі аяу райының суықтығына қарамастан 50 мыңға жуық тұрғын жиналды.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

24 тамыз күні Қарағандыдағы Тәуелсіздік алаңында өткен мерекелік концертте ең алдымен, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншілері мен Марат Бекішев әннен шашу шашты. Сондай-ақ, джаз оркестрі де өнер көрсетті. Кейінірек кештің басты хэдлинерлері қазақстандық эстрада жұлдыздары Luina, Shiza, Ninety One, «Банд'Эрос» тобы қарағандылықтарға серпіліс пен көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Қоғамдық қауіпсіздікті қалағалауға полиция департаментінің 500-ден астам жеке құрамы жұмылдырылды. Мерекелік шара кезінде ешқандай құқық бұзушылыққа жол берілген жоқ. Полиция қызметкерлерімен концерт кезінде ата-анасы және жақындарынан адасып қалған 35 бала табылып, туыскандарына қайтарылды.

Ал, 25 тамыз күні Абай, Саран және Шахтинск қалаларында Shiza, RaiM және JUZBIR тобының қатысуымен мерекелік



концерт өтті. Мерекелік шараға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, «Qarmet» компаниясының бас директоры Вадим Басин және Көмір департаментінің директоры Жақан Мұхамеджанов қатысты.

Құрметті жерлестер, кеншілердің еңбегі – жауапкершілік және рухтан тұрады. Сіздер біздің үйлерімізді энергиямен және жылумен қамтамасыз етесіздер, елдің экономикалық тірегіне айналдыңыздар. Біз өз шеберліктеріңізді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін еңбек әулетін мақтан тұтамыз. Сіздердің күштеріңіз, сіздердің рухтарыңыз – біздің аймақтың мақтанышы. Мерекемен шын жүректен құттықтаймын және жү-



мыстарыңызға жеміс тілеймін! – деді Ермағанбет Бөлекпаев. Бұдан соң сөз алған Вадим Басин жиналғандарға жүрекжарды лебізін жеткізді. Еңбектеріне

табыс, отбасыларына амандық тіледі.

– Осы керемет күні барша кеншіні құттықтаймын! Бақыт, амандық және жаңа еңбек жетістіктерін тілеймін. Мерекелеріңізбен, – деді Вадим Басин.

Мерекелік шаралар отшашумен аяқталды.

– Кеншілер мерекесі – жылына бір рет келетін айтулы күн. Елімізге танымал әншілердің өнерін тамашалап, демалып қайттық. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз. Белгілі өнер иелерін тірідей көргеннің әсері бөлек екен. Кеншілердің жұмысына сәттілік тілейміз. Өмір қауіп-қатерге толы

• ЧЕМПИОНАТ

Жасыл алаңда – жасөспірімдер

Жуырда шағын шаһарда жасөспірімдер арасында футболдан қалалық ашық чемпионат өтті. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан жарысқа Балқаш спорттың дамуы қоры мұрындық болды. 10-11 және 12-13 жастағы жасөспірімдер арасында өткен аяқдоп бәсекесі үш күнге жалғасып, оған төрт команда қатысты. Атап айтқанда, балқаштық «Атлетик», «Металлург», «Қоңырат» және Қарағандының «Аманат» командасы ойын алаңында тартысты кездесу өткізді.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласынан арнайы келіп, шәкірттерін доғаға қосқан «Аманат» құрамасының бапкері Мәди Кәрібаев турнир жоғары деңгейде ұйымдастырылғандығын жеткізді.

– Бұл жарыста қарағандылықтардың намысын қорғап жатырмыз. 11 жастағы жасөспірімдер арасында сынға түсудеміз. Топта үш команда шеберлік сынасады. Жергілікті құрамамен кездесіп, 4:2 есебімен жеңдік. Енді, тағы бір команда бар. Жарыс жақсы деңгейде өтуде. Бұл – Балқашқа екінші келуіміз. Оқу-жаттығу жиыны ая-

сында бірінші рет 2-3 жыл бұрын осы алаңда ойнаған едік, – дейді Мәди Кәрібаев.

Жарыстың соңғы күнінде финалдық ойындар өтті. Онда «Қоңырат» командасымен «Аманат» командасы кездесіп, жергілікті ойыншылар бағым түсті. Нәтижесінде 10-11 жастағы жасөспірімдер арасында «Қоңырат» құрамасы жеңіске жетті. Ал, 12-13 жастағы ойыншылар арасында «Атлетик 11» құрамасы жеңімпаз атанды.

Жарыс жеңімпаздарына ұйымдастырушылар атынан медаль, кубок және бағалы сыйлықтар табысталды.

БАЛҚАШ

• ӨНЕР ӨРІСІ

Сезім салтанаты

Соңғы кезде кеншілер астанасындағы көпқабатты үйлерге муралдар көптеп салынууда. Жуырда Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы бойындағы «Мың ұсақ-түйек» сауда үйі орналасқан тұрғы үйдің қабырғасында ғашықтар бейнесі пайда болды.



Таңғы шуақ аясында ұлттық киімдегі ғашық жұп асыл сезім – махаббатқа бөленіп тұр. Өнер туындысынан жаңа өмірдің де көріністерін байқайсыз.

Қарағандылық кәсіпкерлер қаланы безендіруге, көркемдеуге белсенді атсалысып келеді. Аталған жаңа мурал сөзімізге дәлел.

Бұл өнер туындысы – қалалық әкімдіктің, Урбанистика және кәсіпкерлер орталығының бірлескен жобасы. Халық көп жиналатын орынның сәнін кіргізген қабырғадағы сурет демеушілердің қаражатына салынып отыр.

Жұмыстың авторлары – белгілі қазақстандық суретші Динара Усман және Урбанистика

орталығының ұжымы. Көркем бейнелеу жұмысы – AIR_G командасының еңбегі.

Дайындық жұмыстары тамыз айының басында басталып, қазір мурал толық аяқталған.

– Мурал тұрғындармен және қала әкімшілігімен келісілді. Жұмыста ауданның жаппай тұрғын үй құрылысына жайлылық пен атмосфера сыйлайтын шынайылық бар. Сурет тыныштықты, нәзіктік пен жайлылықты аңғартады. Қос ғашықтың бір-бірін қолдауы мен ер-азаматтың сүйіктісіне қамқорлығын бейнелейді, – дейді Урбанистика орталығы.

Өз тілімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ФУТБОЛ

«Шахтер» шаң қауып тұр

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы Қазақстан Премьер-Лигасының 17-турында «Атырау» командасымен сырт алаңда кездесу өткізіп, жеңіліске ұшырады.

Кездесу «Мұнайшы» стадионында өтті. Ойын 1:0 есебімен аяқталды. 27-минуттағы жалғыз голды Беларусь шабуылшысы Николай Сигневич жерлестеріміздің қақпасына соқты. Ойынның 85-минутында ресейлік легионер, «Шахтердің» қорғаушысы Лионель Адамс ойын ережесін бұзғаны үшін қызыл карта алды. Бұл жығылған үстіне жұдырық болды.

«Шахтердің» жеңіссіз ойыны сегіз матчқа дейін созылғаны өкінішті, әрине. Қарағандылықтардың еншісінде 16 кездесуден бар-жоғы 8 ұпай ғана бар. Осылайша, кеншілер өлкесінің үкілі үміттері Қазақстан Премьер-Лигасында әлі күнге ең соңғы 13-ші орында келеді...

Бұл ойын жөнінде Қазақстан құрамасының бұрынғы ойыншысы Павел Евтеев өз пікірімен бөліскен.



– «Атырау» құрамасы турнир жағдайына сүйеніп отырып, чемпионатта «Шахтер» командасын жеңуі керек еді. Қарағандылық командаға ұпай жинау өте қиын болды. Олар келесі тур ойындарында тікелей бәсекелестері «Женіс» және «Тұран» командаларымен шеберлік сынасады. Менің ойымша, бұл Премьер-Лиганда қалу құқығы үшін қызу ойын болатын сияқты. «Шахтер» клубына өте қиын болғалы тұр, – деді Павел Евтеев.

Сонымен қатар, «Шахтер» командасы бұған дейін шымыкенттік «Ордабасыға» да есе жібергенді. Ол ойын да өте тартысты өткен. Кездесудің 14-минутында Сергей Малый ереже бұзып, ойыннан шеттетілді. Екінші бөлімде Милани Джокич есепті теңестірді. Бірақ, қарсыластар шеберлік танытып, есепті еселей түсті. Ал, Дмитрий Лисакевич алыс қашықтықтан соққы жасап, есе қайтарды. Бұл жеңісті жұлып алу үшін аздық қылды. Осылайша, 2:3

есебімен Александр Седневтің шәкірттері жеңіске жетті.

Турнир кестесінде «Ордабасы» командасы 29 ұпаймен екінші орында тұрған «Ақтөбе» мен соңғы орындағы «Шахтер» командаларын сегіз ұпаймен басып озды.

«Шахтер» командасы аутсайдер есебінде соңғы орында келеді. Енді жерлестеріміздің тағдырын алдағы ойындар шешпек.

Аружан СЕРІКБАЙ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары – Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактор – Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары – Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар: Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерлер: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтық, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К21ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе 41-26-82, 43-57-88 телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJWBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 96 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Қызғалдақ АЙТЖАН